

**Железин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 қарашадағы "Железин ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" № 62/8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Павлодар облысы Железин аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 наурыздағы № 97/8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 15 наурызда № 7505-14 болып тіркелді

Железин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Железин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 қарашадағы "Железин ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" № 62/8 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7417-14 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1- тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда, хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынаң 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железин аудандық мәслихатының төрағасы*

*Т. Даулетов*